

2026. 13 (2)

Asian Journal

"STEPPE PANORAMA"



ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих, этнология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2025
© Авторлар ұжымы, 2025

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аутрам Алан (Outram Alan) — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты. (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Дайнер Александр (Diener Alexander) – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті. (АҚШ)

Жаркен Айгүл Мәлікқызы — тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

Сабурова Татьяна — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Муминов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Томохико Уяма — PhD, Хоккайдо университетінің Славян және Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония)

Ян У. Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, Калифорния университетінің профессоры (АҚШ)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Бурханов Бимурад Бадритдинұлы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан).

Копеева Сания Жуматайқызы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о
регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03.04.2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:
история, этнология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://ajspiie.com>

© Институт истории и этнологии
имени Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Коллектив авторов, 2026

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, Депутат Мажилиса Парламента РК. (Казахстан)

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Аутрам Алан (Outram Alan) — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

Жаркен Айгуль Маликовна — доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилёва. (Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального университета имени Аль Фараби. (Казахстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Сабурова Татьяна — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

Томохико Уяма — PhD, профессор Центра славяно-евразийских исследований Хоккайдского университета (Япония)

Ян Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, профессор Калифорнийского университета (США)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Бурханов Бимурад Бадритдинович — магистр, научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Копеева Сания Жуматаевна — магистр, сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Founder and publisher: RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology” of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03.04.2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history, ethnology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://ajspiie.com>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2026
© Group of authors, 2026

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Member of the Mazhilis of the Parliament of the RK. (Kazakhstan)

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Azimqulov Javohir — Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Center for Ethnology and Anthropology at the Institute of History, Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

Ian W. Campbell — PhD, Professor at the University of California (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Al Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan)

Kriege Viktor — Doctor of Historical Sciences, Researcher at the Bavarian Cultural Center of Germans (BKDR) in Nuremberg. (Germany)

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

Ohayon Isabelle — Candidate of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of CERCEC, Researcher at the French National Center for Scientific Research (CNRS). (France)

Outram Alan — Doctor of Archaeological Sciences, Professor in the Department of Archaeology and History at University of Exeter. (Britain)

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

Saburova Tatiana — Doctor of Historical Sciences, Professor, Indiana University. (USA)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

Tomohiko Uyama — PhD, Professor at the Slavic-Eurasian Research Center, Hokkaido University. (Sapporo, Japan)

Zharken Aigul — Doctor of Historical Sciences, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

ACADEMIC EDITOR

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

TECHNICAL SECRETARY

Burkhanov Bimurad Badritdinovich — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kopeyeva Saniya Zhumataevna — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)


ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ / ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ /
HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES


Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal “Steppe Panorama”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 13. Is. 2, pp. 300-314, 2026
Journal homepage: <https://ajspiie.com>


FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2026_13_2_300-314

**MEDICAL EDUCATION IN THE USSR: APPROACHES OF CONTEMPORARY
HISTORIOGRAPHY (USING KAZAKHSTAN AS AN EXAMPLE)**

Baizhumanova Zamzagul¹, Kalybekova Manara², Gafurov Abdullo³

¹Ch. Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
(28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan)
1st-year PhD student at the Al-Farabi Kazakh National University, Research Fellow
 <https://orcid.org/0000-0001-8135-9135>. E-mail: b.zamzagul75@gmail.com

²Ch. Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
(28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, Leading Research Fellow
 <https://orcid.org/0000-0001-5194-6136> E-mail: K.manara69@gmail.com

³ Institute of History, Archaeology and Ethnography named after A. Donish
(33 Rudaki Avenue, 734025, Dushanbe, Republic of Tajikistan)
Candidate of Historical Sciences, Deputy Director of the Institute of History, Archaeology and
Ethnography named after A. Donish
 <https://orcid.org/0009-0008-4367-719X> E-mail: falgar@mail.ru

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2026
© Baizhumanova Z., Kalybekova M., Gafurov A. 2026

Abstract. Introduction. The article is dedicated to a comprehensive analysis of the formation and development of the medical education system in the USSR, its level of historiographical study, and its particularities within the framework of Soviet healthcare policy. The study demonstrates that the socio-economic crises of the early 20th century, World War I, famine, and epidemics increased the need for medical personnel training, which became the basis for the institutional formation of the medical education system. During the Soviet period, the evolution of the structure of higher medical education, changes in curricula, strengthening of preventive focus, the introduction of postgraduate and residency systems, and the establishment of research institutes are analyzed based on historical sources. *Goals and objectives:* to conduct a comprehensive historical analysis of the formation and development processes of the medical education system in the USSR, identify its features, structural changes, and role within Soviet healthcare policy, as well as provide a comparative assessment based on domestic and foreign historiography; to determine the prerequisites for the formation of the medical education system in the USSR; analyze the impact of socio-economic crises of the early 20th century on the training of medical personnel; study the evolution of the structure of medical education during the Soviet period. The article highlights the ideological limitations of works devoted to the history of medicine in the Soviet period, as well as the establishment of an objective and multifaceted methodology in post-independence studies. Achievements and contradictions of Soviet medicine are

examined based on the works of contemporary researchers, including Y.I. Churilov, V. Yakovenko, N.T. Eregina, V.Yu. Bashkuev, and other scholars. *Results.* The formation and development of the medical education system in Kazakhstan are analyzed in the context of overall Soviet trends. The article describes the opening of the first medical institutions in Kazakhstan, the problem of personnel shortage, mechanisms for staffing rural areas with medical professionals, and the development of medical science based on archival and statistical data. *Conclusion.* The medical education system during the USSR era, due to its organizational structure, scientific and pedagogical experience, and strategic goals aimed at improving public health, serves as an important source of information for contemporary historical research.


Keywords: USSR, Kazakhstan, medicine, historiography, education, physician, healthcare, Semashko, history.


Acknowledgements: The article was prepared within the framework of the grant-funded project AP26197075, titled “The History of Healing and Folk Medicine in Kazakhstan in the 19th – Early 20th Centuries”, implemented by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan.


For citation: Baizhumanova Z.B., Kalybekova M.Sh., Gafurov A. Medical education in the USSR: approaches of contemporary historiography (using Kazakhstan as an example) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Vol. 13. No. 2. Pp. 300–314. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2026_13_2_300-314

КСРО-ДАҒЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ: ЗАМАНАУИ ТАРИХНАМАЛЫҚ БАҒЫТТАР (ҚАЗАҚСТАН МЫСАЛЫНДА)

Замзагуль Бекежанқызы Байжуманова¹, Манара Чалтенқызы Қалыбекова², Абдулло Мутилоевич Гафуров³

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28-үй, Шевченко көшесі, 050010 Алматы қ, Қазақстан Республикасы)
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 1 курс докторанты, ғылыми қызметкер
 <https://orcid.org/0000-0001-8135-9135>. E-mail: b.zamzagul75@gmail.com

²Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28-үй, Шевченко көшесі, 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер
 <https://orcid.org/0000-0001-5194-6136> E-mail: K.manara69@gmail.com

³А. Дониша атындағы Тарих, археология және этнография институты
(33 үй, Рудаки даңғылы, 734025 Душанбе қ., Тәжікстан Республикасы)
А. Дониша атындағы Тарих, археология және этнография институты директорының орынбасары
 <https://orcid.org/0009-0008-4367-719X> E-mail: falgar@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2026

© Байжуманова З.Б., Қалыбекова М.Ч., Гафуров А.М. 2026

Аңдатпа. *Kіріспе.* Мақала КСРО-дағы медициналық білім беру жүйесінің қалыптасуы мен даму үдерістерін, оның тарихнамалық зерттелу деңгейін және кеңестік денсаулық сақтау жүйесі аясындағы ерекшеліктерін кешенді түрде талдауға арналған. Зерттеуде ХХ ғасырдың басындағы әлеуметтік-экономикалық дағдарыс, Азамат соғысы, ашаршылық пен эпидемиялар жағдайында медициналық кадрларды даярлау қажеттілігінің артуы, медициналық білім беру жүйесінің институционалдық қалыптасуына негіз болғаны көрсетіледі. Кеңестік кезеңде жоғары медициналық білім беру құрылымының эволюциясы, оқу бағдарламаларының өзгеруі, профилактикалық бағыттың күшеюі, аспирантура мен ординатура жүйесінің енгізілуі және

ғылыми-зерттеу институттарының ашылуы тарихи деректер негізінде сараланады. *Зерттеудің мақсаты* КСРО-дағы медициналық білім беру жүйесінің қалыптасуы мен даму үдерістерін тарихи тұрғыдан кешенді талдау, оның ерекшеліктерін, құрылымдық өзгерістерін және кеңестік денсаулық сақтау саясаты аясындағы орнын айқындау, сондай-ақ отандық және шетелдік тарихнама негізінде салыстырмалы баға беру. *Зерттеудің міндеттері* КСРО-дағы медициналық білім беру жүйесінің қалыптасу алғышарттарын анықтау; XX ғасырдың басындағы әлеуметтік-экономикалық дағдарыстардың медициналық кадрлар даярлау ісіне әсерін талдау; Кеңестік кезеңдегі медициналық білім беру құрылымының эволюциясын зерделеу. Мақалада кеңестік кезеңдегі медицина тарихына арналған еңбектердің идеологиялық шектеулері, тәуелсіздік жылдарындағы зерттеулерде объективті және көпқырлы методологияның қалыптасуы көрсетіледі. Қазіргі заманғы зерттеушілердің, соның ішінде Ю.И. Чурилов, В. Яковенко, Н.Т. Ерегина, В.Ю. Башкуев және басқа да ғалымдардың еңбектері негізінде кеңестік медицинаның жетістіктері мен қайшылықтары жан-жақты қарастырылады. *Нәтижелер.* Қазақстандағы медициналық білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуы КСРО аясындағы жалпы үрдістермен сабақтастыра отырып талданады. Қазақстандағы алғашқы медициналық оқу орындарының ашылуы, кадр тапшылығы мәселесі, ауылдық жерлерді медицина мамандарымен қамтамасыз ету тетіктері және медициналық ғылымның дамуы архивтік және статистикалық деректер негізінде сипатталады. *Қорытынды.* КСРО дәуіріндегі медициналық білім беру жүйесі өзінің ұйымдастырушылық құрылымы, ғылыми-педагогикалық тәжірибесі және қоғамның денсаулығын жақсартуға бағытталған стратегиялық мақсаттары арқылы заманауи тарихнамалық зерттеулер үшін маңызды ақпарат көзі деуге болады.


Түйін сөздер: КСРО, Қазақстан, медицина, тарихнама, білім беру, дәрігер, денсаулық сақтау, Семашко, тарих


Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің АР26197075 «XIX–XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы емдік және халықтық медицинасының тарихы» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды.

Дәйексөз үшін: Байжуманова З.Б., Калыбекова М.Ч., Гафуров А.М. КСРО-дағы медициналық білім беру: заманауи тарихнамалық бағыттар (Қазақстан мысалында) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Т. 13. № 2. 300–314 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2026_13_2_300-314

МЕДИЦИНСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В СССР: ПОДХОДЫ СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИОГРАФИИ (НА ПРИМЕРЕ КАЗАХСТАНА)


*Байжуманова Замзагуль Бекежановна*¹, *Калыбекова Манара Чалтеповна*², *Абдулло Мутилоевич Гафуров*³

¹Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова.
(28 ул. Шевченко, 050010 Алматы, Республика Казахстан)
Докторант 1 курса КазНУ им. аль-Фараби, Научный сотрудник
 <https://orcid.org/0000-0001-8135-9135>. E-mail: b.zamzagul75@gmail.com

²Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова.
(28 ул. Шевченко, 050010 Алматы, Республика Казахстан)
Кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник
 <https://orcid.org/0000-0001-5194-6136> E-mail: K.manara69@gmail.com

³Институт истории, археологии и этнографии имени А. Дониша
(33 проспект Рудаки, 734025 г. Душанбе, Республика Таджикистан)

Кандидат исторических наук, заместитель директора Института истории, археологии и этнографии имени А. Дониша

 <https://orcid.org/0009-0008-4367-719X> E-mail: falgar@mail.ru

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Байжуманова З.Б., Калыбекова М.Ч., Гафуров А.М. 2026

Аннотация. *Введение.* Статья посвящена комплексному анализу формирования и развития системы медицинского образования в СССР, уровню её историко-научного изучения, а также особенностям в рамках советской политики здравоохранения. В исследовании показано, что социально-экономические потрясения начала XX века, Первая мировая война, голод и эпидемии привели к росту потребности в подготовке медицинских кадров, что стало основой институционального формирования системы медицинского образования. В советский период анализируются эволюция структуры высшего медицинского образования, изменения учебных программ, усиление профилактической направленности, внедрение систем аспирантуры и ординатуры, а также открытие научно-исследовательских институтов на основе исторических источников. *Цель исследования* – комплексный исторический анализ процессов формирования и развития системы медицинского образования в СССР, определение её особенностей, структурных изменений и роли в рамках советской политики здравоохранения, а также проведение сравнительной оценки на основе отечественной и зарубежной историографии. *Задачи исследования:* определить предпосылки формирования системы медицинского образования в СССР; проанализировать влияние социально-экономических кризисов начала XX века на подготовку медицинских кадров; изучить эволюцию структуры медицинского образования в советский период. В статье показаны идеологические ограничения работ, посвящённых истории медицины в советский период, а также формирование объективной и многоаспектной методологии в исследованиях независимых лет. Рассматриваются достижения и противоречия советской медицины на основе работ современных исследователей, включая Ю.И. Чурилова, В. Яковенко, Н.Т. Ерегину, В.Ю. Башкуева и других учёных. *Результаты.* Формирование и развитие системы медицинского образования в Казахстане анализируется с учетом общесоюзных тенденций. Описываются открытие первых медицинских учебных заведений в Казахстане, проблемы нехватки кадров, механизмы обеспечения медицинскими специалистами сельских территорий, а также развитие медицинской науки на основе архивных и статистических данных. *Выводы.* Система медицинского образования в эпоху СССР, благодаря своей организационной структуре, научно-педагогическому опыту и стратегическим целям, направленным на улучшение здоровья общества, представляет собой важный источник информации для современных историко-научных исследований.

Ключевые слова: СССР, Казахстан, медицина, историография, образование, врач, здравоохранение, Семашко, история.

Благодарность. Статья выполнена в рамках реализации проекта грантового финансирования АР26197075 на тему «История целительство и народной медицины в Казахстане XIX – начале XX века», осуществляемого Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан.

Для цитирования: Байжуманова З.Б., Калыбекова М.Ч., Гафуров А.М. Медицинское образование в СССР: подходы современной историографии (на примере Казахстана) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Т. 13. № 2. С. 300–314. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2026_13_2_300-314

Кіріспе

КСРО-дағы медициналық білім берудің қалыптасуы мен дамуы отандық тарихнамадағы маңызды зерттеу бағыттарының бірі болып саналады. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында елде кәсіби медицина кадрларының, емдеу мекемелерінің және дәрі-дәрмек қорының айқын

тапшылығы байқалды. Азамат соғысы, әлеуметтік-экономикалық күйзеліс, ашаршылық пен жұқпалы аурулардың кең таралуы халықтың денсаулығына елеулі қауіп төндірді. Өлім-жітім көбейіп, халықтың орташа өмір сүру ұзақтығы 50 жасқа да жетпеді.

Революциядан кейінгі жылдары дәрігерлердің бір бөлігі кеңестік идеологияны қабылдамай, шетелге кетті. Сонымен қатар, көптеген медицина қызметкерлері ашаршылық, эпидемиялар мен әскери қақтығыстар салдарынан қаза тапты. Мұның барлығы білікті медициналық кадрларды даярлау мәселесін аса өзекті етті. Осыған байланысты медициналық білім беру жүйесін қалыптастыру жұмыстары 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін біртіндеп қолға алынды.

1917 жылы КСРО аумағында Ресей, Украина және Балтық елдерінде 17 медициналық оқу орны жұмыс істеп, жыл сайын шамамен 900 дәрігер даярлап шығарды. 1922 жылы Кеңес Одағында дәрігерлерді даярлаудың жаңа оқу жоспары енгізілді. Нәтижесінде отыздан астам жоғары оқу орнында биология, жұқпалы аурулар, рентгенология және басқа да медициналық бағыттар бойынша мамандар даярлана бастады (Сильченко, 2016: 157). Бірте-бірте профилактикалық медицинаның қарқынды дамуына байланысты оқу бағдарламаларына елеулі өзгерістер енгізілді. Әлеуметтік гигиена курсы ашылып, университеттердің медицина факультеттері дербес медициналық институттарға айналды. Осы кезеңде фармацевтикалық, педиатриялық, стоматологиялық және санитарлық-гигиеналық факультеттер қалыптасты. 1923 жылы денсаулық сақтау халық комиссары Н.А. Семашко мен З.П. Соловьевтің бастамасымен әлеуметтік гигиена кафедралары ашылды. Сонымен қатар, «Клиникалық медицина», «Кеңестік медицинаның хабаршылары» сияқты ғылыми медициналық басылымдар жарық көре бастады. 1925 жылдан бастап жоғары медициналық білім беруде тәжірибелік және клиникалық пәндерге басымдық берілді. Кеңестік медицина ғылымының дамуына Н. Бурденко, Н.Ф. Гамалея, В.М. Бехтерев, Д.К. Заболотный, А.А. Кисель, М.П. Кончаловский, Т.П. Краснобаев, Е.Н. Павловский, С.И. Спасокукоцкий, А.Н. Сысин, Л.А. Тарасевич және басқа да көрнекті ғалымдар елеулі үлес қосты (Сорокина, 2008: 189).

1925 жылы КСРО-да алғаш рет аспирантура мен ординатура жүйесін енгізу қолға алынды (Клопот, Попова, 2017). 1930 жылы Мәскеуде Р.А. Лурияның ұйымдастыруымен Дәрігерлерді жетілдіру орталық институты құрылды. Бұл кезең медициналық білім берудің жаңа даму сатысымен сипатталды. 1932 жылы Бүкілодақтық эксперименттік медицина институтының (ВИЭМ) ашылуы медициналық ғылым мен жоғары медициналық білімнің дамуын жеделдетті. Мемлекеттік деңгейде медицина мамандарын даярлау жүйелілік негізінде жүргізіліп, ғылыми-зерттеу институттары мен зертханалар Саратов, Тифлиси және Мәскеу қалаларында ашылды. Сөйтіп, кеңестік кезеңнің алғашқы жылдарындағы қиындықтарға қарамастан, біртіндеп медициналық білім беру мен денсаулық сақтау жүйесі тұрақты даму жолына түсті. Жұқпалы аурулардың таралуы азайып, өлім-жітім деңгейі біршама төмендеп, халықтың өмір сүру ұзақтығы арта бастады.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында дәрігерлерді жедел даярлау қажеттілігі туындаған соң, медициналық білім беру 3,5 жылға қысқартылды. Оқу бағдарламасына әскери-санитарлық іс, әскери гигиена, әскери хирургия және жұқпалы ауруларға қарсы медициналық көмек көрсету пәндері негізгі бағыт ретінде енгізілді. Соғыс аяқталғаннан кейінгі жылдары мемлекет «Дәрігерлерді даярлау сапасын арттыру шаралары» туралы шешім қабылдап, алты жылдық оқу жүйесі оқу бағдарламасына қайта енгізілді (Балахонов, Незговорова, 2008: 94–101). Соғыстан кейінгі жылдары елде соғыс зардаптарын жоюға бағытталған ауқымды медициналық іс-шаралар ұйымдастырылды. Бұл жұмыстар Н.А. Семашконың жетекшілігімен жүзеге асырылды. 1962 жылдың соңында Кеңес Одағында 445 мың дәрігер және 1 478 500 орта буын медицина қызметкері еңбек етті (Medical, 1963) Бұл көрсеткіштер КСРО-дағы медициналық білім беру жүйесінің кең көлемде дамып, денсаулық сақтау саласының кадрлық әлеуеті айтарлықтай артқанын дәлелдейді.

Материалдар мен әдіс-тәсілдер

КСРО-дағы медициналық білім берудің заманауи тарихнамалық бағыттарын Қазақстан мысалында ашып көрсетудің негізгі деректік базасын отандық және шетелдік ғалымдардың

ғылыми мақалалары, диссертациялары, монографиялары және архив құжаттарының жинақтары құрайды. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архиві, Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Ғылыми-Техникалық құжаттама архивінің материалдары пайдаланылды. ҚР ОМА Р-82 қор, ҚР ОМҒТҚА. 85-қор құжаттарында денсаулық сақтауға байланысты халықтың медициналық қызметтерге қолжетімділігі, емдеудің алдын алу шаралары және санитарлық-эпидемиологиялық жағдай туралы мәліметтер зерттеу жұмысын өзектендіруге мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында деректерді жүйелеу, деректанулық және тарихнамалық талдау жасалды. Сондай-ақ салыстырмалы әдісті қолдану арқылы КСРО-дағы медициналық білім беру жүйесі мен Батыс Еуропа мен АҚШ модельдерінің айырмашылықтарын дәйекті түрде айқындауда мүмкіндік туды. Осы орайда Ресей ғалымдары Л.П. Чурилов, А.В. Балахонов, А.Г. Мирошниченко, Т. Гарро, Д.Р. Вахитов және басқа да ғалымдардың еңбектері барынша септігін тигізді.

Талқылау

КСРО-дағы медициналық білім беру жүйесінің тарихнамасы қазіргі ғылыми зерттеулерде жеткілікті деңгейде қамтылмаған бағыттардың бірі. Кеңестік кезеңдегі медициналық білім беру мәселелеріне арналған арнайы зерттеулер саны шектеулі, ал бұл тақырыпқа батыс зерттеушілері тарапынан көрсетілген қызығушылық та мардымсыз.

Батыс елдері ғалымдарының еңбектері, негізінен, ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы дәстүрлі халық медицинасының дамуы мен Ресей империясының отарлық саясаты аясындағы медициналық қызметтің қалыптасуын қарастырумен шектеледі. Кеңестік билік орнағаннан кейінгі медициналық білім беру жүйесінің құрылымы мен эволюциясы батыстық тарихнамада жүйелі түрде талданбаған. Мәселен, АҚШ тарихшысы Нэнси М. Фриден Ресейдегі революцияға дейінгі медицинаның қалыптасу үдерістерін зерттеген. Оның «Ресей дәрігерлері: реформалар мен революция дәуірі (1856–1905)» атты еңбегінде медициналық қауымдастықтың әлеуметтік-саяси өзгерістер жағдайындағы рөлі жан-жақты талданады. Алайда бұл зерттеу кеңестік кезеңді қамтымайды.

Неміс тарихшысы, Мюнхендегі Людвиг-Максимилиан университетінің профессоры Андреас Реннердің еңбектері ғылым мен медицина тарихына, соның ішінде ХVІІІ–ХІХ ғасырлардағы Батыс Еуропа мен Ресейдегі медициналық білім беру жүйесінің қалыптасу ерекшеліктеріне арналған. Оның зерттеулері салыстырмалы-тарихи тұрғыда құнды болғанымен, кеңестік медициналық білім беру моделін тікелей талдауды мақсат етпейді.

Сондай-ақ Джона Александер Ресейде 1770 жылдары орын алған оба эпидемиясы кезеңіндегі медицинаның дамуын және оның қоғамдық денсаулық сақтау жүйесіне тигізген ықпалын зерттеген. Бұл еңбектер медициналық инфрақұрылым мен мемлекеттік медициналық саясаттың қалыптасуын түсінуге мүмкіндік береді, бірақ кеңестік білім беру жүйесінің ерекшеліктерін ашып көрсетпейді.

Канадалық саясаттанушы ғалым Сюзан Гросс Соломонның 1922–1930 жылдар аралығындағы КСРО мен Германия арасындағы медициналық ынтымақтастыққа арналған зерттеулер жинағы кеңестік кезеңді ішінара қамтитын маңызды еңбектердің бірі деуге болады. Автор бұл еңбекте екі ел арасындағы ғылыми байланыстарды, қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы тәжірибе алмасуды және медициналық саясаттың дамуын талдайды (Яковенко, 2021: 815–828). Алайда аталған зерттеу де медициналық білім беру жүйесінің ішкі құрылымы мен кадр даярлау тетіктеріне жан-жақты тоқталмайды. Осылайша, батыс тарихнамасында КСРО-дағы медициналық білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуын кешенді түрде қарастыратын арнайы зерттеулердің тапшылығы байқалады. Бұл мәселе отандық тарих ғылымы үшін өзектілігін жоғалтпай, әрі қарай терең зерттеуді қажет етеді.

КСРО-дағы медицина тарихына арналған зерттеулердің басым бөлігі 1930–1990 жылдар аралығында жарық көрген еңбектерден тұрады. Бұл кезеңде медициналық саланы зерттеуде негізінен медицина ғылымы өкілдерінің еңбектері жетекші орын алды. Аталған зерттеулерде медициналық білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуы көбіне практик-дәрігерлер мен

денсаулық сақтау ісін ұйымдастырушылардың көзқарасы тұрғысынан қарастырылды. Осы орайда кеңестік кезеңдегі медициналық білім беру жүйесін зерттеген және оны ұйымдастыруға тікелей қатысқан көрнекті ғалымдар қатарында Н.А. Семашко, З.П. Соловев, А.Н. Сысин, Г.Н. Альбицкий, Е.А. Вагнер, Б.В. Петровский, М.А. Петленко және басқа да дәрігер-ғалымдарды жатқызуға болады. Олардың еңбектері кеңестік денсаулық сақтау жүйесінің теориялық және тәжірибелік негіздерін қалыптастыруда айрықша рөл атқарды. Аталған авторлар медицина мамандарын даярлау мәселелерін, медицинаның теориялық негіздерін, гигиена, санитарлық-ағарту жұмыстары мен қоғамдық денсаулық сақтаудың даму бағыттарын жан-жақты талдады. Мәселен, Н.А. Семашконың денсаулық сақтауды ұйымдастырудың теориялық және тәжірибелік бағыттарға арналған 250-ден астам ғылыми еңбектері бар (Семашко, 1947: 47).

Алайда Кеңес Одағы ыдырағанға дейін жазылған медицина тарихына қатысты еңбектердің құрылымы мен тұжырымдары сол кезеңнің идеологиялық талаптары мен ғылыми-саяси ұстанымдарына тәуелді болды. Бұл зерттеулерде кеңестік медициналық қызметтің жетістіктерін көрсетуге басымдық беріліп, ғылыми-зерттеу институттарының қалыптасу тарихы, ауруханалардың қызметі, ауылдық жерлерді медициналық кадрлармен қамтамасыз ету мәселелері негізінен позитивті тұрғыда баяндалды. Мұндай бағыттағы зерттеулер П.И. Заблудовский, М.П. Мультиановский, Ф.Р. Бородулин, С.А. Верхратский, М.К. Кузьмин, Б.П. Петров, Т.С. Сорокин және басқа да авторлардың еңбектерінде көрініс тапты.

Тәуелсіздік кезеңінде жарық көрген зерттеулерде КСРО-дағы медициналық білім берудің тиімділігі, тәжірибесі, алғашқы медициналық оқу орындарының қызметі, медициналық мектептердің негізін қалаушылар мен жоғары медициналық оқу орындарының қалыптасуы жаңа методологиялық тұрғыда қарастырыла бастады. Бұл бағыттағы тарихнаманы Ю.П. Лисицыннің, Т.С. Сорокинаның, В. Яковенконың, Н.Т. Ерегинаның, В.Ю. Башкуевтың, Л.П. Чуриловтың, А.В. Балохоновтың, В.Н. Варакиннің, С. Нетесовтың, К. Севериновтың, С. Журавлеваның және басқа да зерттеушілердің еңбектері құрайды (Ерегина, 2010: 541). Аталған еңбектер кеңестік кезеңде жазылған зерттеулерден айырмашылығы – медицина тарихын барынша объективті, идеологиялық шектеулерден арылған түрде қарастырылғандығымен ерекшеленеді. Мәселен, Ю.П. Лисицын өз еңбектерінде КСРО-ның алғашқы денсаулық сақтау халық комиссары Г.Н. Каминскийдің «халық жауы» ретінде айыпталып, 1938 жылғы 10 ақпанда ату жазасына кесілгенін, сондай-ақ 1930-жылдардың екінші жартысында көптеген белгілі медицина қызметкерлерінің саяси қуғын-сүргінге ұшырағанын нақты деректер негізінде көрсетеді. Автор әйгілі кардиолог Д.Д. Плетнёв пен танымал дәрігер әрі ғалым Л.Г. Левиннің де негізсіз айыпталып, атылғанын атап өтеді (Лисицын, 2015: 201). Аталған тұжырымдар Т.С. Сорокинаның зерттеулерінде де расталады. Автордың көрсетуінше, Г.Н. Каминский 1937 жылғы 25 маусымда БКП(б) Орталық Комитетінің Пленумында сөйлеген сөзінде жаппай репрессияларға қатысты сын пікір білдіргені үшін тұтқындалып, 1938 жылдың ақпанында ату жазасына кесілген. Сонымен қатар, КСРО Денсаулық сақтау халық комиссариаттарында Каминскиймен бірге қызмет атқарған оның орынбасарлары мен өзге де жауапты қызметкерлердің тұтқындалғаны жөнінде мәліметтер келтіріледі (Сорокина, 2008: 189). Осылайша, қазіргі кезеңдегі тарихнамалық зерттеулердің кеңестік медициналық білім беру мен денсаулық сақтау жүйесіне арналған зерттеулерден айырмашылығы, олар тек жетістіктер тұрғысынан ғана емес, қайшылықтары мен трагедиялық қырларын да қамти отырып, жан-жақты талдауға басымдық берілген.

Қазіргі кезеңдегі КСРО медицинасы тарихының тарихнамасына арналған зерттеулердің бірі В. Яковенконың «История советской медицины. Обзор новейших исследований (2010–2020 гг.)» атты еңбегі. Аталған еңбек медицина тарихының қазіргі кезеңдегі тарихнамасын талдауға арналған кешенді зерттеу деп айтуға болады. Автор 2010–2020 жылдар аралығында жарық көрген ғылыми басылымдарды қамти отырып, кеңестік медицинаға қатысты заманауи зерттеулердің негізгі бағыттарын жүйелейді. Зерттеуде ғалымдардың еңбектері бірнеше тақырыптық блоктарға бөлініп қарастырылған. Атап айтқанда, кеңестік дәуірдегі денсаулық сақтау институттарының тарихы; кеңестік медицинадағы өмірбаяндық зерттеулер мен

ғылыми мектептердің қалыптасуы; КСРО-дағы дәрігерлер мен саяси элита арасындағы өзара байланыс; кеңестік медицинаны билік пен идеология құралы ретінде талдау; дәрігерлердің сарапшылық мәртебесі мен кәсіби өкілеттіктері; Кеңес Одағындағы дәрігерлер, фельдшерлер мен мейірбикелердің әлеуметтік орны; кеңестік денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігі мәселесі; кеңестік медицинадағы аймақтық ерекшеліктер; сондай-ақ КСРО медицинасының трансұлттық контексте қарастырылуы сияқты бағыттар айқындалған (Яковенко, 2021: 815–828). Бұл еңбек кеңестік медицинаның тарихын жаңа методологиялық ұстанымдар негізінде зерделеуге мүмкіндік береді.

Н.Т. Ерегинаның «Высшая медицинская школа России. 1917–1953 гг.» атты диссертациялық зерттеуі 1917–1953 жылдар аралығындағы Ресейдегі жоғары медициналық білім беру жүйесінің қалыптасуы мен даму үдерістеріне арналған. Автор бұрындары ғылыми айналымға енгізілмеген құнды архивтік материалдарды, соның ішінде жабық (күпия) құжаттарды, заңнамалық актілер мен статистикалық деректерді пайдалана отырып, кеңестік жоғары медициналық білімнің дамуын кешенді түрде талдайды. Зерттеуде Азамат соғысы жылдарындағы дағдарыс, 1937–1938 жылдардағы саяси репрессиялар, 1940 жылдардың екінші жартысы мен 1950 жылдардың басындағы жаппай кадрлық қысқартулар, сондай-ақ білім сапасынан гөрі сандық көрсеткіштерге басымдық берілуі сияқты қоғамдағы өзекті мәселелер объективті түрде баяндалған (Ерегина, 2010: 541).

Кеңес медицинасының тарихын кең, әрі ауқымды түрде қарастыруымен ерекшеленетін зерттеулердің қатарына Ресей тарихшысы В.Ю. Башкуевтің еңбектерін жатқызуға болады. Ғалымның зерттеу бағыттары КСРО мен Моңғолия, сондай-ақ Азия елдері арасындағы медициналық байланыстарды, шет аймақтардағы этностар мен жергілікті халықтарға медициналық қызмет көрсетудің ұйымдастырылуын, тибет және моңғол халық медицинасының ерекшеліктерін, кеңестік биомедицинаның дамуын қамтиды. В.Ю. Башкуев КСРО медицинасын кешенді тарихи-әлеуметтік тұрғыда зерттей отырып, әсіресе кеңестік-германдық ынтымақтастықтың геосаяси қырларына және медицинаның халықаралық қатынастар жүйесіндегі орнына ерекше назар аударады (Башкуев, 2017: 531).

Тәжікстан тарихшы ғалымы А.М. Гафуровтың «Деятельность эвакогоспиталей города Душанбе в годы Великой Отечественной войны (1941–1945гг.)» атты еңбегінде соғыс жылдарындағы эвакуациялық госпиталдің қызметі кеңінен талданады. Кеңестік әскери дәрігерлік жүйе кезіндегі Душанбеде эвакогоспиталдердің қызметі мен алғашқы емдеу мен қалпына келтіру үрдістері сипатталады. Сонымен қатар, эвакогоспиталейдегі дәрігерлер, медбикелер мен медициналық қызметкерлердің кәсібилігі, қиын жағдайларда жұмыс істеуі және соғыстың соңына дейін көрсеткен көмегі туралы фактілер келтіріледі. Аталған еңбектер қазіргі кезеңдегі тарихнаманың кеңестік медицинаны идеологиялық шеңберден тыс, көпқырлы және салыстырмалы тұрғыда зерделеуге бет бұрғанын көрсетеді.

Батыс елдерімен КСРО-да, соның ішінде Қазақстандағы медициналық білім беру жүйесін салыстырмалы түрде қарастыру бүгінде медициналық білім беру реформаларын жетілдіру, кадрларды даярлау сапасын арттыру және денсаулық сақтау саласындағы халықаралық тәжірибені тиімді қолдану мәселелерін ғылыми тұрғыдан зерттеудің өзекті бағыты. Қазіргі кезеңдегі тарихнамада КСРО мен Батыс елдері (АҚШ, Франция, Германия) арасындағы медициналық білім беру жүйелерінің ерекшеліктерін салыстырмалы тұрғыда талдауға арналған зерттеулер саны шектеулі. Сонымен қатар, аталған елдердегі емдеу тәсілдерінің айырмашылықтары мен олардың қалыптасу факторларын кешенді түрде қарастыратын еңбектер де жеткіліксіз. Дегенмен, КСРО мен Батыс елдерінің медициналық білім беру жүйелерінде өзіндік құрылымдық, мазмұндық және ұйымдастырушылық ерекшеліктер мен айырмашылықтар бар екені бірқатар зерттеулерде атап өтіледі. Бұл мәселелер Ресей ғалымдары Л.П. Чурилов, А.В. Балахонов, А.Г. Мирошниченко, Т. Гарро, Д.Р. Вахитов және басқа да еңбектерде біршама қарастырылған. Аталған зерттеушілердің еңбектері Франциядағы медициналық білім беру жүйесінің ауруханалық модельге негізделгенін көрсетеді. Мұнда студенттер бірінші курстан бастап оқуын аяқтағанға дейін стационарлық медициналық мекемелерде дәрігер көмекшісі ретінде жұмыс істеп, клиникалық

тәжірибені үздіксіз меңгереді. Ал Германияда медициналық білім беру жүйесінде іргелі теориялық даярлыққа басымдық берілген. Алайда бұл модель тәжірибелік білімнің жеткіліксіздігіне алып келгендіктен, кейіннен ғылыми әдістерге негізделген тәжірибелік оқыту жүйесі енгізілді. Соның нәтижесінде ХХ ғасырдың 1970-жылдарынан бастап Германияның медициналық жоғары оқу орындары тәжірибелік зерттеулер мен клиникалық даярлық саласында алдыңғы қатарға шығып, кәсіби даярлау орталықтарына айналған. Осындай тәжірибелік бағыт КСРО-да да енгізіліп, медициналық білім беру мазмұны клиникалық пәндермен толықтырылған (Балахонов, Незговорова, 2008: 94–101). Алайда ХХ ғасырдың басында медициналық білім беру жүйесі Ресейде де, Батыс Еуропа елдерінде де әлі толық қалыптаспаған еді. Кейбір зерттеулерде 1990 жылдардың ортасынан бастап АҚШ-та және өзге де дамыған Батыс елдерінде медициналық білім берудің халықаралық деңгейде сұранысқа ие болғанын көрсетеді. Ағылшын тілінде жүзеге асырылатын медициналық білім беру бағдарламалары арқылы Батыс елдері елеулі қаржылық табысқа қол жеткізеді. Ал Ресей мен КСРО-ның медициналық жоғары оқу орындарында дамыған елдерден келген студенттер саны мардымсыз, негізінен Оңтүстік Азия елдерінен келген білім алушылармен шектелді.

Л.П. Чурилов, Ю.И. Строев, В.А. Маевская, А.В. Балахонов, С.Г. Ханикаттың «Российское и зарубежное медицинское образование» атты еңбектерінде АҚШ-та медицина мамандығын игеру үдерісі Ресеймен салыстырғанда әлдеқайда ұзақ екені көрсетіледі. АҚШ-та 12 жылдық орта білімнен кейін университет деңгейіндегі дайындық курстары, 4 жылдық медициналық мектеп (M.D.), 3–6 жылдық резидентура және 3–6 жылдық феллоушиптен өту талап етіледі. Нәтижесінде лицензияланған дәрігер мәртебесіне орта есеппен 29–32 жас аралығында қол жеткізіледі. Ал кеңестік кезеңде Ресей мен Қазақстанда 10 жылдық орта білім, 6 жылдық жоғары медициналық оқу, 1 жылдық интернатура және 2 жылдық ординатура нәтижесінде дәрігер-маман 26–28 жас шамасында даярланған (Чурилов, Строев, Маевская, Балахонов, Ханикатт, 2009: 26–35). Бұл салыстырмалы деректер Батыс елдерінде оқу мерзімінің ұзағырақ екенін көрсетеді.

Ғалымдардың пікірінше, АҚШ-та медициналық білім беру мен медициналық қызмет көрсету құны өте жоғары деңгейде. Сонымен қатар, әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған отбасыларға арналған балама жоғары оқу орындарының болмауы білімге қолжетімділікті шектейді. Ал КСРО-да жоғары білім беру мен медициналық қызмет көрсету толықтай тегін сипатта болған (Высшее, <https://istmat.org/node/56090>). Батыс елдерінде жалпы орта білім беру мен жоғары білім алу мерзімі 18 жылды құраса, Кеңес Одағында бұл көрсеткіш 15 жылмен шектелген. Сонымен бірге, дәрігерлердің орташа жалақысы бойынша КСРО батыс елдерінен едәуір артта қалды. Алайда нәресте өлім-жітімі көрсеткіші АҚШ-пен салыстырғанда КСРО, Норвегия, Швеция және Жапонияда төмен болғаны зерттеулерде көрсетіледі (Чурилов, 2013: 119–159).

Франциядағы медициналық білім беру жүйесінде студенттер мектептен кейін бірден қабылдау емтихандарын тапсырып, оқу орнына түсе алады. Оқу негізінен тегін болғанымен, қосымша шығындар студенттің өз есебінен өтеледі. Клиникалық тәжірибе барысында студенттерге жалақы төленеді, алайда диагноз қою мен ем тағайындау құқығы берілмейді (Балахонов, Незговорова, 2008: 94–101). Француз жүйесінде дәрістерге қатысу міндетті емес, білімді бағалау көбіне емтихандар арқылы жүзеге асады. Ал КСРО-да лекция мен семинарларға қатысу міндетті болып, оқу үдерісі қатаң қадағаланады.

КСРО мен Батыс елдерінің медициналық білім беру жүйесін салыстыра отырып, КСРО-да теориялық даярлық пен мемлекеттік стандарттарға негізделген оқытуға басымдық берілгенін, ал Батыс елдерінде клиникалық тәжірибе, ғылыми зерттеулер мен инновациялық технологияларға көбірек мән берілгенін байқауға болады. Сонымен қатар, КСРО түлектері мемлекеттік жолдамамен жұмысқа жіберілсе, Батыс елдерінде дәрігерлер еңбек нарығында еркін таңдау жасайды.

Зерттеу нәтижелері

Қазақстандағы медициналық білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуы отандық тарихнамада бірқатар зерттеушілердің еңбектерінде кеңінен қарастырылған. Атап айтқанда, бұл бағыттағы зерттеулерді А.С. Нұргалиева, А.Ә. Жүнісбаев, А. Досаханов, Ш.И. Абдукаримова, С.С. Байгазин, С.Қ. Шілдебай және басқа да ғалымдардың еңбектері құрайды. Аталған еңбектер мазмұны мен бағыттарына қарай аймақтық, тұлғалық, кәсіби және әлеуметтік қырлардан талданғанын байқауға болады.

Аймақтық денсаулық сақтау тарихын зерттеуде А.С. Нұргалиеваның «История становления и развития здравоохранения на территории Восточного Казахстана XX – начало XXI вв.» атты диссертациялық еңбегі маңызды орын алады. Зерттеуде Шығыс Қазақстан өңіріндегі денсаулық сақтау жүйесінің қалыптасу және даму кезеңдері, медициналық қызметтің тарихи эволюциясы, халыққа көрсетілген медициналық көмектің деңгейі мен сапасы талданады. Сонымен қатар, халық денсаулығының жағдайы мен оның уақыт бойынша өзгеру динамикасы, саланың өзекті мәселелері мен оларды жетілдіру жолдары қарастырылған. Бұл еңбек өңірлік деңгейдегі денсаулық сақтау тарихын кешенді түрде зерделеуімен құнды (Нұргалиева, 2010: 128).

Жеке тұлғалардың медицина мен денсаулық сақтау саласындағы қызметін зерттеу бағытында А.Ә. Жүнісбаевтың «Санжар Асфендияров: өмірі мен қызметі (1889–1938 жж.)» атты монографиясы айрықша мәнге ие. Автор еңбекте Санжар Асфендияровтың қоғамдық-саяси, ғылыми және ұйымдастырушылық қызметін жан-жақты талдап, оның Қазақстандағы денсаулық сақтау жүйесі мен медицина ғылымының қалыптасуына қосқан үлесін айқындайды. Сонымен қатар, кеңестік кезеңдегі мемлекеттік қызметі, ұлттық интеллигенция өкілі ретіндегі орны мен тағдыры зерттеліп, тұлғаның тарихи рөлі объективті түрде бағаланады (Жүнісбаев, 2015: 256).

Ұлттық медициналық интеллигенция тарихын зерттеуде А. Досахановтың «Первые врачи Алаш» атты еңбегі маңызды дереккөзі болып табылады. Еңбекте Алаш қозғалысы кезеңінде қалыптасқан алғашқы қазақ дәрігерлерінің өмір жолы, кәсіби, қоғамдық-ағартушылық және саяси қызметі қарастырылады. Автор қазақ дәрігерлерінің ұлттық медицинаның қалыптасуына қосқан үлесін, халық денсаулығын сақтау жолындағы еңбектерін және сол дәуірдің әлеуметтік-саяси жағдайындағы рөлін ашып көрсетеді. Сонымен қатар, Алаш дәрігерлерінің тағдыры мен ұлттық интеллигенция өкілдері ретіндегі орны айқындалады (Досаханов, 2020: 368).

Кеңестік кезеңдегі медициналық кадрлар мен интеллигенция мәселелері Ш.И. Абубакированың «Медицинская интеллигенция Казахстана (1946–1970 гг.)» атты кандидаттық диссертациясында жан-жақты зерттелген. Автор денсаулық сақтау жүйесіндегі маман кадрлардың қалыптасу алғышарттарын, медициналық мекемелер желісінің кеңеюін, материалдық-техникалық базаның дамуын және халық денсаулығының медициналық интеллигенция қалыптасуына ықпалын талдайды. Сонымен қатар, медициналық мамандарды даярлау жүйесі, кадрлардың әлеуметтік дамуы мен қоғамдық-саяси өмірге қатысу ерекшеліктері қарастырылған (Абубакирова, 1994: 156).

Қазақстандағы медицина кадрларының қалыптасу тарихы С.С. Байгазиннің «Формирование медицинских кадров Казахстана (1917–1941)» атты кандидаттық диссертациясында кешенді түрде талданады. Еңбекте ескі медициналық интеллигенцияны жаңа кеңестік құрылысқа тарту үдерісі, одақтас республикалардың Қазақстанға медициналық кадрлар даярлауда көрсеткен көмегі, жоғары және орта арнаулы оқу орындары арқылы мамандар даярлау жүйесі зерттеледі. Сонымен қатар, медициналық кадрлардың сандық және сапалық құрамындағы өзгерістер, олардың әлеуметтік-кәсіби сипаты мен қоғамдық-саяси өмірге қатысуы көрсетіледі (Байгазин, 1992: 176).

Жұқпалы аурулар мен эпидемияларға қарсы күрес тарихы С.Қ. Шілдебай мен А.Ә. Жүнісбаевтың «Қазақстандағы жұқпалы аурулар мен індеттерге қарсы күрес тарихы (1920–1936)» атты монографиясында қарастырылған. Еңбекте кеңестік кезеңнің алғашқы жылдарындағы індеттердің таралуы, эпидемияға қарсы мемлекеттік саясат, санитарлық-

эпидемиологиялық жүйенің қалыптасуы архив деректері негізінде жан-жақты талданады. Авторлар Қазақстандағы ұжымдық эпидемияға қарсы жүйенің құрылу ерекшеліктерін ашып көрсетеді (Шілдебай, Жүнісбаев, 2021: 167).

Аталған зерттеулер Қазақстандағы денсаулық сақтау жүйесінің қалыптасуы мен дамуын, медициналық кадрлар мен интеллигенцияның әлеуметтік рөлін, ұлттық және аймақтық ерекшеліктерін кеңінен ашып көрсетеді. Дегенмен, медициналық кадрлардың қоғамдық-саяси үдерістермен өзара байланыс, аймақтар арасындағы ерекшеліктер мен тарихи сабақтастық мәселелері әлі де тереңдетілген зерттеуді қажет етеді.

Бұл еңбектердің маңызды ерекшелігі – құпиясыздандырылған архивтік құжаттардың кеңінен пайдаланылуы және деректік негізге сүйенген ғылыми талдаудың басымдыққа ие болуы. Соған қарамастан, аталған зерттеулердің көпшілігінде қазіргі заманғы тарихнамалық әдістер мен салыстырмалы талдау тәсілдеріне жеткілікті деңгейде көңіл бөлінбегені байқалады. Дегенмен, зерттеулерде кеңестік кезеңдегі медицина саласындағы негізгі проблемалардың бірі ретінде білікті медицина кадрларының жетіспеушілігі айқын көрсетіледі. Сонымен қатар, Қазақстандағы медициналық білім беру жүйесінің одақтық саясат аясында жоспарлы түрде жүзеге асырылғаны және халыққа тегін медициналық көмек көрсету қағидатына негізделгені дәлелденеді.

Қазақстанда медицина мамандарын даярлау ісі ХХ ғасырдың 1920–1930 жылдары қолға алына бастады. Алғашқы кезеңде мейірбикелер мен фельдшерлерді даярлауға бағытталған қысқа мерзімді арнайы курстар ашылды. 1930 жылы Алматы қаласында медицина кадрларын даярлайтын тұңғыш жоғары оқу орны – Қазақ мемлекеттік медицина институтының негізі қаланды. Институттың алғашқы директоры болып көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Санжар Асфендияров тағайындалды (Жүнісбаев 2015: 256). Алғашқы профессор-оқытушылар құрамы небәрі 24 адамнан тұрды, олардың қатарында 5 профессор, 4 доцент, қалғандары ассистенттер мен оқытушылар болды. 1931–1936 жылдар аралығында аталған оқу орнында 707 студент білім алып, 1936 жылы алғашқы 66 түлек оқу орнын тәмамдады (Шілдебай, Төлєнова, Жүнісбаев, 2024: 77–91).

1950 жылы Қазақстандағы медициналық білім берудің екінші ірі орталығы – Қарағанды мемлекеттік медицина институты құрылды. Онда бастапқы кезеңде 127 студент білім алды. 11 кафедрадан тұратын оқу орнында үш ғылым докторы, үш ғылым кандидаты және жиырмадан астам оқытушы қызмет атқарды (<https://qmu.edu.kz/kk/universitet-turaly/universitet-tarikhy>). Кейінгі жылдары Алматыдағы Қазақ мемлекеттік медицина институты, Қарағанды және Семей медициналық институттары республикадағы медициналық білім берудің негізгі ошақтарына айналды. Бұл кезең Қазақстандағы медициналық білім беру жүйесінің институционалдық тұрғыдан қалыптасуындағы маңызды белес болды.

Кеңестік кезеңде медициналық білім беруде теориялық даярлыққа ерекше мән берілді. Жоғары оқу орындарында анатомия, фармакология, микробиология, патология, вирусология сияқты іргелі пәндер кәсіби деңгейде оқытылды. Сонымен қатар хирургия, педиатрия, неврология, кардиология секілді клиникалық пәндерді тәжірибелік тұрғыда меңгеру жүйелі түрде жүзеге асырылды.

Қазақстанның ауылдық өңірлеріндегі емдеу мекемелерінде дәрігер кадрларының тапшылығы өзекті мәселелердің бірі болды. Бұл проблеманы шешу мақсатында жоғары оқу орындарын бітірген жас мамандарды шалғай және ауылдық аймақтарға мемлекеттік жолдамамен жіберу тәжірибесі кеңінен қолданылды. Аталған шаралар ауыл халқы үшін медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

1925 жылы Алматы қаласында Қазақстандағы тұңғыш ғылыми-зерттеу мекемесі – Өлкелік санитарлық-бактериологиялық институты (Санбакин) ашылды. Кейінгі жылдары ана мен бала денсаулығы, дерматологиялық аурулар, тыныс алу органдарының аурулары, жұқпалы дерттерді зерттеуге арналған ғылыми-зерттеу институттары құрылып, өз қызметін бастады (ҚР ОМҒТҚА. 85-қ., 1-6-т., 26 а-іс, 1-2-пп.). Бұл Қазақстандағы медицина ғылымының қалыптасуы мен дамуында елеулі өзгерістерге алып келді.

1950–1960 жылдары республикада медицина мамандарын даярлау айтарлықтай қарқын алғанымен, кадр тапшылығы толық жойылған жоқ. Мәселен, Ресейде медициналық білім алушы студенттер саны шамамен 2000 болса, Қазақстанда бұл көрсеткіш орта есеппен 2200 адамды құрады. Алайда бұл көрсеткіш емдеу мекемелеріндегі мамандарға деген сұранысты толық қанағаттандыра алмады. Мұның негізгі себептерінің бірі – дәрігер кадрларының басқа одақтас республикаларға жаппай қоныс аударуы болды. Атап айтқанда, 1959–1963 жылдар аралығында Солтүстік және Шығыс Қазақстан мен Қарағанды облыстарынан 777, Оңтүстік Қазақстаннан 431, Батыс Қазақстаннан 421 дәрігер республикадан тысқары жерлерге қоныс аударған. Осыған байланысты КСРО-ның басқа өңірлерінен жас түлек дәрігерлер Қазақстанға тартылды [17].

Қазақстандағы медициналық білім беру жүйесі үш деңгейлі құрылымда қалыптасты. Орта медициналық білім беру жүйесіне мейірбикелерді, акушерлерді және фельдшерлерді даярлайтын училищелер жатса, жоғары медициналық білім беру деңгейін институттар мен университеттер қамтамасыз етті. Ал жоғары оқу орнын тәмамдаған түлектер үшін интернатура жүйесі арқылы кәсіби даярлықты жетілдіру көзделді.

Қорытынды. Осылайша, КСРО-дағы медициналық білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуы күрделі әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайлармен тығыз байланысты болғанын атап өтуге болады. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында кәсіби медицина кадрларының, материалдық-техникалық базаның және дәрі-дәрмек қорының тапшылығы медициналық білім беруді жедел түрде қайта ұйымдастыруды талап етті. Осы қажеттілік нәтижесінде медициналық оқу орындарының желісі кеңейіп, оқу бағдарламалары жаңартылып, профилактикалық бағыттағы пәндер мен клиникалық тәжірибеге басымдық берілді. Аспирантура мен ординатура жүйесінің енгізілуі, ғылыми-зерттеу институттарының ашылуы кеңестік медициналық білімнің институционалдық тұрғыдан нығаюына ықпал етті.

Зерттеу барысында кеңестік кезеңдегі медициналық білім беру жүйесінің жетістіктерімен қатар, оның ішкі қайшылықтары мен шектеулері де айқындалды. Кеңес дәуірінде жарияланған еңбектердің көпшілігі идеологиялық талаптарға тәуелді болып, денсаулық сақтау саласындағы проблемаларды ашық көрсетуге мүмкіндік бермеді. Тәуелсіздік кезеңінде жарық көрген зерттеулер бұл олқылықтың орнын толтырып, медициналық білім беру тарихын объективті, сыни және көпқырлы тұрғыда қарастыруға жол ашты. Қуғын-сүргінге ұшыраған медицина қайраткерлерінің тағдыры, кадр даярлаудағы сан мен сапа арасындағы теңгерімсіздік сияқты мәселелер қазіргі тарихнамада нақты деректер негізінде талдана бастады.

Салыстырмалы талдау КСРО мен Батыс елдерінің медициналық білім беру жүйелері арасында елеулі айырмашылықтар болғанын көрсетті. Кеңес Одағында теориялық даярлыққа, мемлекеттік стандарттар мен жоспарлы кадр саясатына басымдық берілсе, Батыс елдерінде клиникалық тәжірибе, ғылыми зерттеу және академиялық еркіндік жетекші орын алды. Сонымен қатар, КСРО-дағы тегін білім беру мен медициналық қызмет көрсету жүйесі әлеуметтік қолжетімділік тұрғысынан маңызды артықшылық болғанымен, материалдық ынталандыру мен еңбек нарығындағы еркіндік шектеулі болды.

Қазақстандағы медициналық білім беру жүйесінің қалыптасуы жалпыодақтық саясат аясында жүзеге асырылып, республикада алғашқы медициналық оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарының құрылуына негіз болды. Кадр тапшылығы, әсіресе ауылдық жерлерде, өзекті мәселе болып қала бергенімен, мемлекеттік жолдама жүйесі арқылы бұл проблема ішінара шешімін тапты. Қазақстандағы медициналық білім беру үш деңгейлі жүйе ретінде қалыптасып, республика денсаулық сақтау саласының кадрлық әлеуетін нығайтты.

Осылайша, КСРО-дағы соның ішінде Қазақстандағы медициналық білім беру жүйесінің тарихын кешенді әрі салыстырмалы тұрғыда зерттеу медицина тарихының өзекті мәселелерін терең түсінуге мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы зерттеулерді одан әрі дамыту, жаңа архивтік деректерді ғылыми айналымға енгізу және халықаралық салыстырмалы талдаулар жүргізу отандық тарих ғылымының маңызды міндеттерінің бірі болып қала береді.

Sources

CSASTD RK — Central State Archive of Scientific and Technical Documentation of the Republic of Kazakhstan

Дереккөздер

ҚР ОМФТҚА — Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама архиви

References

- Abubakirova, 1994 — *Abubakirova Sh.I.* Meditsinskaya intelligentsiya Kazakhstana [The medical intelligentsia of Kazakhstan]. Almaty, 1994: spetsial'nost' 07.00.12 «Istoriya kul'tury i iskusstva» dissertatsiya na soiskanie uchenoy stepeni kandidata istoricheskikh nauk / Abubakirova Sholpan Isataevna. Almaty, 1994. 156 p. (In Russ.).
- Baigazin, 1992 — *Baigazin S.S.* Formirovanie meditsinskikh kadrov Kazakhstana (1917–1941) [The Formation of Medical Personnel in Kazakhstan (1917–1941)]. Spetsial'nost' 07.00.02 «Otechestvennaya istoriya» dissertatsiya na soiskanie uchenoy stepeni kandidata istoricheskikh nauk / Baigazin Serik Seitkazievich. Almaty, 1992. 176 p. (In Russ.).
- Balakhonov, Nezgovorova, 2008 — Balakhonov A.V., Nezgovorova V.V. Franko-germanskii mayatnik v Rossiyskom meditsinskom obrazovanii [The Franco-German Pendulum in Russian Medical Education] // *Meditsina. XXI vek*, 2008. № 9, Pp. 94–101. (In Russ.).
- Bashkuev, 2017 — *Bashkuev V.Yu.* Istoricheskiy opyt vzaimodeystviya Rossii i mongol'skikh narodov v oblasti meditsiny i okhrany zdorov'ya: poslednyaya tret' XIX – pervaya polovina XX vv. [The Historical Experience of Interaction between Russia and the Mongolian Peoples in the Field of Medicine and Public Health: The Last Third of the 19th Century – The First Half of the 20th Century] // *Dissertatsiya doktora istoricheskikh nauk*. Ulan-Ude, 2017. 531 p. (In Russ.).
- Vysshee — *Vysshee meditsinskoe obrazovanie v SSSR* [Higher Medical Education in the USSR] // *Istoricheskie materialy*. URL: <https://istmat.org/node/56090>. (In Russ.).
- Gafurov — *Gafurov A.M.* Deyatel'nost' evakogospital'ev goroda Dushanbe v gody Velikoy Otechestvennoy voyny (1941–1945 gg.) [The Activities of Evacuation Hospitals in the City of Dushanbe during the Great Patriotic War (1941–1945)] // *Vestnik TGUPBP*. №3 (104). Pp. 21–30. (In Russ.).
- Dosakhanov, 2020 — *Dosakhanov A.Kh.* Pervye vrachi Alash [The First Doctors of Alash] / A. Dosakhanov. Almaty: Sozdik, 2020. Vol. 2. 368 p. (In Russ.).
- Eregina, 2010 — *Eregina N.T.* Vysshaya meditsinskaya shkola Rossii 1917–1953 [The Higher Medical School of Russia (1917–1953)] / N.T. Eregina. – Yaroslavl': Indigo, 2010. 541 p.; Bashkuev V.Yu. Istoricheskiy opyt vzaimodeystviya Rossii i mongol'skikh narodov v oblasti meditsiny i okhrany zdorov'ya: poslednyaya tret' XIX – pervaya polovina XX vv. [The Historical Experience of Interaction between Russia and the Mongolian Peoples in the Field of Medicine and Public Health: The Last Third of the 19th Century – The First Half of the 20th Century] // *Dissertatsiya doktora istoricheskikh nauk*. Ulan-Ude, 2017. 531 p.; Churilov L.P. Globalizatsiya, postmodern i mezhdunarodnoe meditsinskoe obrazovanie // <https://cyberleninka.ru/article/n/globalizatsiya-postmodern-i-mezhdunarodnoe-meditsinskoe-obrazovanie>. (In Russ.).
- Zhunisbaev, 2015 — *Zhunisbaev A.A.* Sanzhar Asfendiyarov: ömiri men qyzmeti (1889–1938 zhzh.) [Sanzhar Asfendiyarov: Life and Career (1889–1938)]. Almaty: Eltanym, 2015. 256 p. (In Kaz.).
- Klopot, Popova, 2017 — *Klopot I.A., Popova M.A.* Meditsinskoe obrazovanie v Rossii: istoriya i predposylki [Medical Education in Russia: History and Prerequisites] // *Byulleten' meditsinskikh Internet-konferentsiy* (ISSN 2224–6150), 2017. Vol. 7. № 1. (In Russ.).
- Lisitsyn, 2015 — *Lisitsyn Yu.P.* Istoriya meditsiny [Elektronnyy resurs]: uchebnik [History of Medicine] / Yu.P. Lisitsyn. 2nd ed. Moscow: GEOTAR-Media, 2015. 201 p. (In Russ.).
- Medical, 1963 — *Medical education in the Soviet Union*. Report of the Delegation on Medical Education under the US–USSR Cultural Exchange Agreement [Medical education in the Soviet Union. Report of the Delegation on Medical Education under the US–USSR Cultural Exchange Agreement] October 20 – November 8, 1963.
- Nurgalieva, 2010 — *Nurgalieva A.S.* Istoriya stanovleniya i razvitiya zdravookhraneniya na territorii Vostochnogo Kazakhstana XX – nachalo XXI vv.: spetsial'nost' [The History of the Formation and Development of Healthcare in the Territory of Eastern Kazakhstan (20th – Early 21st Centuries)] 07.00.02 «Otechestvennaya istoriya» dissertatsiya na soiskanie uchenoy stepeni kandidata istoricheskikh nauk / Nurgalieva Aizhan Satybalidinovna. Semey, 2010. 128 p. (In Russ.).
- Semashko, 1947 — *Semashko N.A.* Ocherki po teorii organizatsii sovetskogo zdravookhraneniya [Essays on the Theory of Organization of Soviet Healthcare]. Moscow: Akademiya nauk SSSR, 1947. 47 p. (In Russ.).
- Silchenko, Eyvazova, Ermolaeva, 2016 — *Silchenko A.A., Eyvazova N.A., Ermolaeva E.V.* Meditsinskoe obrazovanie v Sovetskom Soyuze [Medical Education in the Soviet Union] // *Byulleten' meditsinskikh Internet-konferentsiy* (ISSN 2224–6150), 2016. Vol. 6. № 1. 157 p. (In Russ.).
- Sorokina, 2008 — *Sorokina T.S.* Istoriya meditsiny [History of Medicine]. Moscow, 2008. 189 p. (In Russ.).
- Churilov et al., 2009 — *Churilov L.P., Stroeve Yu.I., Maevskaya V.A., Balakhonov A.V., Khanikatt S.G.* Rossiyskoe i zarubezhnoe meditsinskoe obrazovanie [Russian and Foreign Medical Education] // *Akkreditatsiya v obrazovanii*. 2009. № 30. Pp. 26–35. (In Russ.).

Churilov, 2013 — *Churilov L.P.* Globalizatsiya, postmodern i mezhdunarodnoe meditsinskoe obrazovanie [Globalization, Postmodernism, and International Medical Education] // *Zdorov'e — osnova chelovecheskogo potentsiala: problemy i puti ikh resheniya.* 2013. Vol. 8. № 1. Pp. 119–159. (In Russ.).

Shildebai, Zhunisbaev, 2021 — *Shildebai S.Q., Zhunisbaev A.A.* Qazaqstandaǵy zhūqpalı aurlar men indetterge qarsy küres tarihy (1920–1936) [The History of the Fight Against Infectious Diseases and Epidemics in Kazakhstan (1920–1936)]. Almaty: Poligrafıya-servis i K, 2021. 167 p. (In Kaz.).

Shildebai, Tolenova, Zhunisbaev, 2024 — *Shildebai S., Tolenova Z., Zhunisbaev A.* Densaulıq saqtau zhüiesiniñ tarihy men qalyptasu zholy (XX gasyr) [The History and Formation of the Healthcare System (20th Century)] // *Aqıqat.* 1 säuir 2024. Pp. 77–91. (In Kaz.).

Yakovenko, 2021 — *Yakovenko V.* Istoriya Sovetskoy meditsiny. Obzor noveyshikh issledovaniy (2010–2020 gg.) [The History of Soviet Medicine: A Review of Recent Research (2010–2020)] // *Cahiers du monde russe.* 2021. Vol. 62. № 4. Pp. 815–828. (In Russ.).

<https://qmu.edu.kz/kk/universitet-turaly/universitet-tarikhy/> (In Russ.).

Әдебиеттер

Абубакирова, 1994 — *Абубакирова Ш.И.* Медицинская интеллигенция Казахстана. Алматы, 1994: специальность 07.00.12 «История культуры и искусства» диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук / Абубакирова Шолпан Исатаевна. Алматы, 1994. 156 с.

Байгазин, 1992 — *Байгазин С.С.* Формирование медицинских кадров Казахстана (1917–1941). специальность 07.00.02 «Отечественная история» диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук / Байгазин серик Сейтказиевич. Алматы, 1992. 176 с.

Балахонов, Незговорова, 2008 — *Балахонов А.В., Незговорова В.В.* Франко-германский маятник в Российском медицинском образовании // «Медицина. XXI век», 2008. № 9, С. 94–101.

Башкуев, 2017 — *Башкуев В.Ю.* Исторический опыт взаимодействия России и монгольских народов в области медицины и охраны здоровья: последняя треть XIX – первая половина XX вв. // Диссертация доктора исторических наук. Улан-Удэ, 2017. 531 с.

Высшее — *Высшее медицинское образование в СССР* // Исторические материалы. URL: <https://istmat.org/node/56090>.

Гафуров — *Гафуров А.М.* Деятельность эвакогоспиталей города Душанбе в годы Великой Отечественной войны (1941–1945гг.) // Вестник ТГУПБП. №3 (104). С. 21–30.

Досаханов, 2020 — *Досаханов А.Х.* Первые врачи Алаш / А. Досаханов. Алматы: Сөздік, 2020. Т. 2. 368 с.

Ерегина, 2010 — *Ерегина Н.Т.* Высшая медицинская школа России 1917–1953 / Н.Т. Ерегина. – Ярославль: Индиго, 2010. 541 с.; Башкуев В.Ю. Исторический опыт взаимодействия России и монгольских народов в области медицины и охраны здоровья: последняя треть XIX – первая половина XX вв. // Диссертация доктора исторических наук. Улан-Удэ, 2017. 531 с.; Чурилов Л.П. Глобализация, постмодерн и международное медицинское образование // <https://cyberleninka.ru/article/n/globalizatsiya-postmodern-i-mezhdunarodnoe-meditsinskoe-obrazovanie>.

Жүнісбаев, 2015 — *Жүнісбаев А.Ә.* Санжар Асфендияров: өмірі мен қызметі (1889–1938 жж.) Алматы: Елтаным, 2015. 256 б.

Клопот, Попова, 2017 — *Клопот И.А., Попова М.А.* Медицинское образование в России: история и предпосылки // Бюллетень медицинских Интернет-конференций (ISSN 2224–6150) 2017. Том 7. № 1

Лисицын, 2015 — *Лисицын Ю.П.* История медицины [Электронный ресурс] : учебник / Ю.П. Лисицын – 2-е изд., перераб. и доп. М.: ГЭОТАР-Медиа, 2015. – С. 201.

Medical, 1963 — *Medical education in the Soviet Union. Report of the Delegation on Medical Education under the US-USSR Cultural Exchange Agreement October 20-November 8, 1963.*

Нурғалиева, 2010 — *Нурғалиева А.С.* История становления и развития здравоохранения на территории Восточного Казахстана XX-начало XXI вв.: специальность 07.00.02 «Отечественная история» диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук / Нурғалиева Айжан Сатыбалдиновна: Семипалатинский государственный педагогический институт. Семей, 2010. 128 с.

Семашко, 1947 — *Семашко Н.А.* Очерки по теории организации советского здравоохранения. Москва, Академии наук СССР, 1947. 47 с.

Сильченко, Эйвазова, Ермолаева, 2016 — *Сильченко А.А., Эйвазова Н.А., Ермолаева Е.В.* Медицинское образование в Советском Союзе // Бюллетень медицинских Интернет-конференций (ISSN 2224–6150) 2016. Том 6. № 1. С. 157

Сорокина, 2008 — *Сорокина Т.С.* История медицины. Москва, 2008. С. 189.

Чурилов, Строев, Маевская, Балахонов, Ханикатт, 2009 — *Чурилов Л.П., Строев Ю.И., Маевская В.А., Балахонов А.В., Ханикатт С.Г.* Российское и зарубежное медицинское образование. // Акредитация в образовании. 2009. № 30. С. 26–35

Чурилов, 2013 — *Чурилов Л.П.* Глобализация, постмодерн и международное медицинское образование // Здоровье — основа человеческого потенциала: проблемы и пути их решения. 2013, Т. 8, № 1, С. 119–159.

Шілдебай, Жүнісбаев, 2021 — *Шілдебай С.Қ., Жүнісбаев А.Ә.* Қазақстандағы жұқпалы аурулар мен індеттерге қарсы күрес тарихы (1920–1936). Алматы: Полиграфия-сервис и К, 2021. 167 б.

Шілдебай, Төлєнова, Жүнісбаев, 2024 — *Шілдебай С., Төлєнова З., Жүнісбаев А.* Денсаулық сақтау жүйесінің тарихы мен қалыптасу жолы (XX ғасыр) // Ақиқат. 1 сәуір 2024. 77–91 б.

Яковенко, 2021 — *Яковенко В.* История Советской медицины. Обзор новейших исследований (2010–2020 гг.) // Cahiers du monde russe. 2021. Т. 62, № 4. С. 815–828.

<https://qmu.edu.kz/kk/universitet-turaly/universitet-tarikhy/>

CONTENTS

HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

Baizhumanova Z.B., Kalybekova M.Sh., Gafurov A. MEDICAL EDUCATION IN THE USSR: APPROACHES OF CONTEMPORARY HISTORIOGRAPHY (USING KAZAKHSTAN AS AN EXAMPLE).....	300
Mukhatova O. Kh., Qadilbek M., Tashagyl A. KAZAKH–QING RELATIONS IN THE LETTERS OF ABILPEIZ SULTAN.....	315
Oshan Zh, Khoshbateni H., Sauyrkan Y. HISTORICAL SOURCE MATERIALS IN MANUSCRIPT HERITAGE RELATED TO ER ZHANIBEK.....	329
Tulepbergenov G., Bukanova R.K. KAYUM MUHAMEDKHANOV'S SCIENTIFIC EVERYDAY LIFE IN THE CONTEXT OF THE SEARCH FOR INFORMATION ABOUT ILYAS BORAGANSKY (Dedicated to the 110th birth anniversary of K.Mukhamedkhanov)	342

HISTORY

Abdrakhmanova G.S., Kalenova T.S., Maslov Kh.B. TRANSFORMATION OF REGIONAL GOVERNANCE IN EASTERN KAZAKHSTAN DURING THE CIVIL WAR.....	354
Atdaev S.J., Atdaeva O.G. HISTORY OF ORAZ-YAGLY-KHAN AND HIS DESCENDANTS.....	368
Bekmagambetov R.K., Bimolanova A.A., Bekmagambetova M.Zh. ADMINISTRATIVE-TERRITORIAL STRUCTURE OF THE TURGAY REGION IN THE CONTEXT OF THE STEPPE STATUS OF 1891: IMPERIAL POLICY AND REGIONAL SPECIFICITY.....	386
Dossymova M.K., Topal N., Zhylykshybayeva K. SOVIET RUSSIA AND TURKEY: THE QUESTION OF MILITARY AID (1919–1920).....	400
Zharkynbayeva R.S., Zhangabay A.P. LIVING CONDITIONS, LABOR CONDITIONS, AND MEDICAL CARE OF WORKERS IN THE KAZAKH SSR DURING THE WAR YEARS (1941–1945).....	414
Zakarya R., Saitbekov A.M. POLITICAL EMIGRANTS IN KAZAKHSTAN IN THE 1930S–1940S: MIGRATION PROCESSES AND SOCIO-LEGAL STATUS.....	432
Kasymova D., Mukanova G., Margulan A. SOVIET EXPERIENCE OF KAZAKH-YOMUD CONFLICT SETTLEMENT OF 1923 (BY ARCHIVAL MATERIALS).....	447
Kozybayeva M.M. THE INSTITUTE OF DISENFRANCHISEMENT IN THE ELECTORAL LEGISLATION OF KAZAKHSTAN IN THE EARLY 1920S – FIRST HALF OF THE 1930S.....	465
Nurymbetova G.R., Janysbay T.S. SOVIET MODERNIZATION AND THE ELIMINATION OF ILLITERACY: THE FORMATION OF THE ADULT EDUCATION SYSTEM IN KAZAKHSTAN (1920S–1930S).....	481
Saktaganova Z.G., Ilyasova A.U. ON THE QUESTION OF ESCAPE FROM THE KARAGANDA CORRECTIVE LABOR CAMP DURING THE WAR YEARS (1941–1945).....	502
Sariguzel N. THE IMPACT OF ATATÜRK'S DOMESTIC TRAVELS ON TURKEY'S TAX POLICY (1930–1931).....	519
Toktarbayuly A. THE POLICY OF COLLECTIVIZATION OF THE NATIONAL ECONOMY AND ITS RESULTS (1954–1959, ON THE EXAMPLE OF BAYAN-ÖLGIİ PROVINCE).....	530
Ualiyev T., Sabitov Zh. SOVIET INTERPRETATION OF THE “EDIGE” EPIC IN THE 1920–1930S: MARXIST PREFACES AND APPROACHES OF THE KAZAKH INTELLECTUALS.....	549
Utegenov M., Bektasov Sh., Aliyeva S.I. FROM THE HISTORY OF THE CONFISCATION OF BAYS HOUSEHOLDS IN NORTHERN KAZAKHSTAN (1928).....	565

ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

Sharipov R.K., Baigunakov D.S., Nurshanov A.A. PETROGLYPHIC COMPLEXES TANBALY END ALMALY IN THE CHU-ILI MOUNTAINS: NATURAL ENVIRONMENT; SOURCES OF RAW MATERIALS AND MANUFACTURING TECHNIQUES	584
Sholakhov M., Nabiev R. THE IMAGE OF THE SNAKE AMONG TURKO-MONGOLIAN PEOPLES.....	599

МАЗМҰНЫ

ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

Байжуманова З.Б., Калыбекова М.Ч., Гафуров А.М. КСРО-ДАҒЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ: ЗАМАНАУИ ТАРИХНАМАЛЫҚ БАҒЫТТАР (ҚАЗАҚСТАН МЫСАЛЫНДА).....	300
Мұхатова О.Х., Қадылбек М., Ташағыл А. ӘБІЛПЕЙІЗ СҰЛТАННЫҢ ХАТТАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ЦИН ҚАТЫНАСТАРЫ.....	315
Ошан Ж., Хошбатени Х., Сауырқан Е. ЕР ЖӘНІБЕККЕ ҚАТЫСТЫ ҚОЛЖАЗБА МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТІК КӨРІНІСТЕР.....	329
Төлөпбергенов Ғ.М., Буканова Р.Ғ. ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВТЫҢ ІЛИЯС БОРАГАНСКИЙ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕРДІ ІЗДЕУ КОНТЕКСТІНДЕГІ КҮНДЕЛІКТІ ҒЫЛЫМИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ (Қ. Мұхамедхановтың 110 жылдығына орай).....	342

ТАРИХ

Абдрахманова Г.С., Каленова Т.С., Маслов Х.Б. АЗАМАТ СОҒЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ Өңірлік басқарудың трансформациясы.....	354
Атдаев С.Дж., Атдаева О.Г. ОРАЗ-ЯҒЛЫ-ХАН ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫНЫҢ ТАРИХЫ.....	368
Бекмағамбетов Р.К., Бимолданова А.А., Бекмағамбетова М.Ж. ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ 1891 ЖЫЛҒЫ ДАЛА ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ: ИМПЕРИЯЛЫҚ САЯСАТ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІК.....	386
Досымова М.К., Топал Н., Жылқышыбаева Қ. КЕҢЕСТІК РЕСЕЙ ЖӘНЕ ТҮРКИЯ: ӘСКЕРИ КӨМЕК МӘСЕЛЕСІ (1919–1920).....	400
Жаркынбаева Р.С., Жаңабай А.П. СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ (1941–1945 ЖЖ.) ҚАЗАҚ КСР ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ТҮРМЫС-ТІРШІЛІК ЖАҒДАЙЫ, ЕҢБЕК АХУАЛЫ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУІ.....	414
Закарья Р., Сайтбеков А.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ЭМИГРАНТТАР 1930–1940-ЖЫЛДАРЫ: КӨШІ-ҚОН ҮДЕРІСТЕРІ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ.....	432
Қасымова Д.Б., Мұқанова Г.Қ., Марғұлан А.С. ҚАЗАҚ-ЙОМУД ҚАҚТЫҒЫСЫН РЕТТЕУДІҢ КЕҢЕСТІК ТӘЖІРИБЕСІ, 1923 ЖЫЛ (МҰРАҒАТ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША).....	447
Қозыбаева М.М. 1920 ЖЫЛДАРДЫҢ БАСЫ – 1930 ЖЫЛДАРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЙЛАУ ЗАҢНАМАСЫНДАҒЫ САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРУ ИНСТИТУТЫ.....	465
Нұрымбетова Г.Р., Жанысбай Т.С. КЕҢЕСТІК МОДЕРНИЗАЦИЯ ЖӘНЕ САУАТСЫЗДЫҚТЫ ЖОЮ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕРЕСЕКТЕРГЕ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ (1920–1930 ЖЖ.).....	481
Сақтағанова З.Ғ., Илясова Ә.Ү. 1941–1945 СОҒЫС ЖЫЛДАРЫ ҚАРАҒАНДЫ ЕҢБЕКПЕН ТҮЗЕТУ ЛАГЕРЫНЕН ҚАШУ МӘСЕЛЕСІ.....	502
Сарыгүзел Н. АТАТҮРІКТІҢ ІШКІ САПАРЛАРЫНЫҢ ТҮРКИЯНЫҢ САЛЫҚ САЯСАТЫНА ӘСЕРІ (1930–1931).....	519
Тоқтарбайұлы А. ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҰЖЫМДАСТЫРУ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ 1954–1959 (БАЯН-ӨЛГИЙ АЙМАҒЫ МЫСАЛЫНДА) НА ТРЕХ ЯЗЫҚАХ ПЕРЕВОД.....	530
Уалиев Т.А., Сабитов Ж.М. «ЕДІГЕ» ЖЫРЫНЫҢ 1920–1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ КЕҢЕСТІК ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ: МАРКСИСТІК АЛҒЫСӨЗДЕР ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҰСТАНЫМДАРЫ.....	549
Утегенов М., Бектасов Ш., Алиева С.И. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАЙ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫН ТӘРКІЛЕУ (1928 ж.) ТАРИХЫНАН.....	565

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Шәрипов Р.К., Байғұнақов Д.С., Нұршанов А.А. ШҮ–ІЛЕ ТАУЛАРЫНДАҒЫ ПЕТРОГЛИФТІК КЕШЕНДЕРІ: ТАБИҒИ ОРТАСЫ; ШИКІЗАТ КӨЗДЕРІ ЖӘНЕ ЖАСАЛУ ТЕХНИКАСЫ.....	584
Шолахов М., Набиев Н. ТҮРКІ-МОҢҒОЛ ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ЖЫЛАН БЕЙНЕСІ.....	599

СОДЕРЖАНИЕ

ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

Байжуманова З.Б., Калыбекова М.Ч., Гафуров А.М. МЕДИЦИНСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В СССР: ПОДХОДЫ СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИОГРАФИИ (НА ПРИМЕРЕ КАЗАХСТАНА).....	300
Мухатова О. Х., Кадылбек М., Ташагыл А. КАЗАХСКО-ЦИНСКИЕ ОТНОШЕНИЯ В ПИСЬМАХ АБИЛПЕЙЗ СУЛТАНА.....	315
Ошан Ж., Хошбатени Х., Сауыркан Е. ИСТОРИКО-ДОКУМЕНТАЛЬНЫЕ ОТРАЖЕНИЯ В РУКОПИСНОМ НАСЛЕДИИ ОБ ЕР ЖАНИБЕКЕ.....	329
Тулепбергенов Г.М., Буканова Р.Г. НАУЧНАЯ ПОВСЕДНЕВНОСТЬ КАЮМА МУХАМЕДХАНОВА В КОНТЕКСТЕ ПОИСКА СВЕДЕНИЙ ОБ ИЛЬЯСЕ БОРАГАНСКОМ (К 110-летию К. Мухамедханова).....	342

ИСТОРИЯ

Абдрахманова Г.С., Каленова Т.С., Маслов Х.Б. ТРАНСФОРМАЦИЯ РЕГИОНАЛЬНОГО УПРАВЛЕНИЯ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В УСЛОВИЯХ ГРАЖДАНСКОЙ ВОЙНЫ.....	354
Атдаев С.Дж., Атдаева О.Г. ИСТОРИЯ ОРАЗ-ЯГЛЫ-ХАНА И ЕГО ПОТОМКОВ.....	368
Бекмагамбетов Р.К., Бимолданова А.А., Бекмагамбетова М.Ж. АДМИНИСТРАТИВНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОЕ УСТРОЙСТВО ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ В КОНТЕКСТЕ СТЕПНОГО ПОЛОЖЕНИЯ 1891 ГОДА: ИМПЕРСКАЯ ПОЛИТИКА И РЕГИОНАЛЬНАЯ СПЕЦИФИКА.....	386
Досымова М.К., Топал Н., Жылкышыбаева К. СОВЕТСКАЯ РОССИЯ И ТУРЦИЯ: ВОПРОС ВОЕННОЙ ПОМОЩИ (1919–1920).....	400
Жаркынбаева Р.С., Жанабай А.П. УСЛОВИЯ ЖИЗНИ И ТРУДА И МЕДИЦИНСКОЕ ОБСЛУЖИВАНИЕ РАБОЧИХ КАЗАХСКОЙ ССР В ВОЕННЫЕ ГОДЫ (1941–1945 ГГ.).....	414
Закарья Р., Сайтбеков А.М. ПОЛИТИЧЕСКИЕ ЭМИГРАНТЫ В КАЗАХСТАНЕ В 1930–1940-Е ГОДЫ: МИГРАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ И СОЦИАЛЬНО-ПРАВОВОЕ ПОЛОЖЕНИЕ.....	432
Касымова Д.Б., Муканова Г.К., Маргулан А.С. СОВЕТСКИЙ ОПЫТ УРЕГУЛИРОВАНИЯ КАЗАХСКО-ЙОМУДСКОГО КОНФЛИКТА 1923 ГОДА (ПО АРХИВНЫМ МАТЕРИАЛАМ).....	447
Козыбаева М.М. ИНСТИТУТ ЛИШЕНИЯ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ ПРАВ В ВЫБОРНОМ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВЕ КАЗАХСТАНА В НАЧАЛЕ 1920-Х – ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ 1930-Х ГОДОВ.....	465
Нурымбетова Г.Р., Жанысбай Т.С. СОВЕТСКАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ И ЛИКВИДАЦИЯ НЕГРАМОТНОСТИ: СТАНОВЛЕНИЕ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ ВЗРОСЛЫХ В КАЗАХСТАНЕ (1920–1930 ГГ.).....	481
Сактаганова З.Г., Илясова А.У. К ВОПРОСУ О ПОБЕГАХ ИЗ КАРАГАНДИНСКОГО ИСПРАВИТЕЛЬНО-ТРУДОВОГО ЛАГЕРЯ В ГОДЫ ВОЙНЫ (1941–1945).....	502
Сарыгузель Н. ВЛИЯНИЕ ВНУТРЕННИХ ПУТЕШЕСТВИЙ АТАТЮРКА НА НАЛОГОВУЮ ПОЛИТИКУ ТУРЦИИ (1930–1931).....	519
Токтарбайулы А. ПОЛИТИКА КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ НАРОДНОГО ХОЗЯЙСТВА И ЕЁ РЕЗУЛЬТАТЫ (1954–1959 ГГ., (НА ПРИМЕРЕ БАЯН-УЛГИЙ АЙМАКА).....	530
Уалиев Т.А., Сабитов Ж.М. СОВЕТСКАЯ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ ЭПОСА «ЕДИГЕ» В 1920–1930-Е ГОДЫ: МАРКСИСТСКИЕ ПРЕДИСЛОВИЯ И ПОДХОДЫ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ.....	549
Утегенов М., Бектасов Ш., Алиева С.И. ИЗ ИСТОРИИ КОНФИСКАЦИИ БАЙСКИХ ХОЗЯЙСТВ В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ (1928 г.).....	565

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Шарипов Р.К., Байгунаков Д.С., Нуршанов А.А. ПЕТРОГЛИФИЧЕСКИЕ КОМПЛЕКСЫ В ЧУ–ИЛИЙСКИХ ГОРАХ: ПРИРОДНАЯ СРЕДА, ИСТОЧНИКИ СЫРЬЯ И ТЕХНИКА ИЗГОТОВЛЕНИЯ.....	584
Шолахов М., Набиев Н. ОБРАЗ ЗМЕИ У ТЮРКО-МОНГОЛЬСКИХ НАРОДОВ.....	599

ASIAN JOURNAL “STEPPE PANORAMA”

2026. 13(2)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЖЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй